

ЕЛІМІЗДЕ ТҰҢҒЫШ РЕТ «ҚАЗАҚСТАН-GERMANIA ДӘЛ ЕГІНШІЛІК ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ



Жуырда университетімізде бірлескен "Қазақстан-Германия дәл егіншілік орталығының" ресми ашылу салтанаты өтті.

Елімізде заман талабына сай мұндай орталықтың тұңғыш рет ҚазАТУ-да ашылғандығын атап өтуіміз керек.

Шараға Герман Федеративті Республикасының Қазақстандағы Елшісі Рольф Мафаэль, Германияның Оснабрюк қолданбалы ғылымдар университетінің профессорлары Дитер Трауц, Хуберт Корте, CLASS фирмасының Шығыс Еуропа бойынша аймақтық директоры Нильс Ройтч, Президент әкімшілігінің ішкі саясат орталығының инспекторы Алмат Мырзақұлов, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері қатысты.

Басқарма төрағасы, профессор А.Қ.Күрішбаев құттықтау сөзінде университет жұмыстарының нәтижесіне, дәл егіншілік орталығы жұмыстарының негізгі бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ, дәл егіншілік технологияларын қолдануда егін шаруашылығында тыңайтқыштар мен химикаттарды пайдаланудың оңтайлы дәрежесін табу, сонымен қатар топыраққа, өсімдіктерге және қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмайтын мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан да біздің университеттің басты мақсаты – дәл егіншілік технологиясы тетіктерін меңгерген мамандар даярлау болып табылады. Ол болашақта біздің экономикамызды әртараптандыруға мүмкіндік береді, оның ішінде Республика ауылшаруашылығының потенциалын еселей түспек. Әлбетте, бұл технологияға салынған инвестиция алдағы уақытта еселеп өтелетін болады, - деді ректор сөзінде. Герман Федеративті Республикасының Қазақстандағы Елшісіне, CLASS фирмасының басшылығына алғысын білдірді.

Шара барысында Оснабрюк қолданбалы ғылымдар университетімен іскерлік Шартқа қол қойылды. Қонақтар Металлөңдеу және дәнекерлеу цехына, ауылшаруашылығын механизациялау Қазақ-қытай орталығына, Инженерлерді дайындау және қайта даярлау Қазақстан-Белорусь орталығына, Ет өнімдерінің экспериментальды-өндірістік цехына, Тұқым музейіне, ГАЖ орталығына, «Ауылшаруашылығы биотехнологиясы» Ғылыми зерттеу институтын бас сұғып, танысып шықты. Сонымен қатар, Оснабрюк қолданбалы ғылымдар университетінің профессорлары Дитер Трауц, Хуберт Корте университеттің профессор-оқытушы құрамы мен студенттерге дәл егіншілік саласына қосымша ауылшаруашылығы технологиясы мен техникалық тәсілдері, мәселелері төңірегінде лекция оқыды.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-нің Баспасөз қызметі

Торжественное Посвящение в студенты КазАТУ



Недавно в Центральном концертном зале «Казахстан» состоялось торжественное Посвящение в студенты первокурсников Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина.

Посвящение в студенты - это одна из самых ярких традиций в учебных заведениях. В мероприятии приняли участие ректор КазАТУ им.С.Сейфуллина Куришбаев А.К., Почетный профессор Университета Калифорнии в Девисе Пол Сингх, преподаватели и студенты вуза.

В приветственном слове ректор вуза Куришбаев А.К. поздравил первокурсников, отметив, что они стали полноправными членами большой и дружной семьи, частичкой единого целого – студентами КазАТУ, что им предстоит нелегкий путь. И сложность этого пути заключается и в умении гармонично влиться в коллектив, найти себе друзей, и в ответственной серьезной учебе. Также подчеркнул, что сегодня КазАТУ им.С.Сейфуллина динамично трансформируется в исследовательский университет международного уровня вместе с главным зарубежным партнером, университетом Калифорнии в Дэвисе, который является ведущим в мире по подготовке специалистов сельскохозяйственных специальностей, в настоящее время ведущие профессора из университета-партнера работают в нашем вузе.

Добрую атмосферу праздника создавала и публика, поддерживающая выступающих. По традиции праздничное посвящение первокурсников в студенты не обошлось без торжественной передачи символического ключа знаний и вручения студенческих билетов.

Кроме этого, прошли флешмоб и концертная программа с участием национально-инструментального ансамбля «Шабыт»,

танцевального ансамбля «Шаттық» и звезд казахстанской эстрады.

Пресс-служба КазАТУ им.С.Сейфуллина

КОНФЕРЕНЦИЯ ҒАЛЫМ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Қазақстандағы ветеринарлық гельминтологияның негізін салушы, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Қадыров Нұрғали Тәсілұлының 100 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы Ветеринария: мәселелері, әдістері, шешімдері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы болып өтті.

Конференцияда Басқарма төрағасы А.Күрішбаев құттықтау сөз сөйледі. Елімізде қауіпті жұқпалы аурулардың белең алуы мал шаруашылығы саласының қарқынды дамуына тұсау болары айқын. Сол себепті, осы тақырыпқа арналған бүгінгі конференцияда қатысушылар өзара ақпарат және тәжірибелерімен алмасып, ветеринария ғылымының дамуына тың серпін береді,- деп сенемін деді. Факультет деканы Б.Майқанов Н.Т.Қадыровтың өмір жолы мен ғылымдағы толымды табыстары жөнінде баяндады.

ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы С.Хасенов өз сөзінде бүгінгі таңда Қазақстандағы ветеринарияның жай-күйі, елде жиі кездесетін малдың жұқпалы ауруларының мәселелері туралы ақпарат берді.

Германияның Гиссенск университетінің профессоры Кристиан Бауэр өз сөзінде малдардағы гиподерматоз ауруына айрықша тоқталды. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тіркелген бұл ауру, оны жоюға бағытталған мемлекеттік бағдарлама қажет екенін көрсетеді,- деді профессор. Швейцарияның Цюрих университетінің профессоры Паул Торгерсон адамдарда жиі кездесетін эхинококкоз ауруы жөнінде әңгімеледі. Оңтүстік аймақтардағы қойлардың 48 % бұл ауруды жұқтырғандықтан, дерттің Қазақстанды да айналып өтпегенін байқаймыз. Эхинококкозбен күресуде ең тиімді шаралардың бірі – ауруды тарату көзі болып табылатын иттердегі паразиттерді жою, деді-шетелдік ғалым.

Конференция жұмысы әрі қарай 2 секцияда жалғасты. Жиынға қатысушылар Қазақстанның жыл сайынғы өтетін малшаруашылығы және ет-сүт өндірісі халықаралық «Көрмесіне» барып, малдәрігерлік препараттардың көрмесін тамашалады.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-нің Баспасөз қызметі



Спортивная гордость университета



Аплодисменты старшему преподавателю Абайдильдину Жанату Мухаметкалиевичу мастеру спорта СССР, неоднократному победителю и рекордсмену средней Азии и Казахстана, а теперь и призеру чемпионата мира по тяжелой атлетике среди ветеранов спорта. Чемпионат мира по тяжелой атлетике, проходивший в г. Heinsheim, Германия, с 1 по 8 октября 2016 года, для преподавателя нашего ВУЗа

стал очередным этапом в его спортивной карьере. На этих соревнованиях участвовало около 900 сильнейших атлетов из 200 стран. Наш атлет стал серебряным призером чемпионата мира по тяжелой атлетике среди ветеранов в весовой категории 69 кг, среди мужчин в возрасте М-45-49 лет. Перед тем как стать призером в сумме двоеборья, Абайдильдин Ж. М. выиграл бронзу в рывке, успешно осилив 91 кг. В толчке наш коллега вовсе стал чемпионом мира, завоевав золотую медаль с результатом 120 кг. Проиграл наш спортсмен в двоеборье только тяжелоатлету из Ирана, который в равной борьбе стал чемпионом мира в этом весе.

Выход на этих соревнованиях в число победителей мирового уровня для Абайдильдина Ж.М. стал очень продуктивным. Он завоевал лицензию для участия на Всемирных играх среди ветеранов спорта, который будет проводиться в г. Окленд в Новой Зеландии с 20 по 30 апреля 2017 года.

Как отмечает наш победитель, участниками был отмечен высокий уровень гостеприимства и организация проведения чемпионата со стороны оргкомитета Германии. Общая атмосфера соревнований была направлена на сотрудничество и солидарность в спорте во всем мире. У нашего атлета впереди большие планы по развитию тяжелой атлетики в родном университете и Республике Казахстан.

Хочется отметить, что спортивные достижения старшего преподавателя, ветерана спорта Абайдильдина Ж.М. подадут нужный пример здорового образа жизни для молодежи. Желаем, чтобы подрастающее поколение отдавало предпочтение не малоподвижным играм за компьютером, а активным спортивными занятиям!

*Надыров А. Л.
доцент кафедры, физического воспитания*



Охотоведы - основные защитники природы

В познании особенностей профессии практические занятия неопределимы, особенно если практику проходить в полевых условиях. Спасибо руководству университета и, конечно, кафедры, что организовали выездную практику по типологии охотничьих угодий, биотехний, учетам животных и технике добычи зверей и птиц. Под руководством нашего куратора Рашитова С.С. мы, студенты 3 курса специальности "Охотоведение", с 13 по 16 сентября 2016 года прошли практику в охотхозяйстве Новомариновское Атбасарского района. Охотоведом охотхозяйства работает выпускник нашей кафедры Тлеукенов Рустем, который устроил нас в доме для охотников, где созданы все бытовые условия. Также выписал путевку на отстрел уток и гусей.

В полевых условиях ребята сразу же почувствовали себя истинными охотниками, добытчиками, после короткого инструктажа поспешили на вечернюю охоту. В первый же день было добыто 6 уток, тем самым обеспечив себя мясом на время практики. В ближайшем пруду ловили карасей и окуней.

На территории охотхозяйства имеются два пруда: один прямо возле поселка, второй в 13 км. Пруды по берегам заросли тростником и рогозой, словом, хорошие угодья для водоплавающих и ондатры. С возвышенности, наблюдая в бинокль, можно посчитать уток, разделить их на группы: речные, нырковые. Также видны большинство хаток ондатры. Гуси обитали только на дальнем пруду, насчитали 60 серых гусей, перелетные гуси еще не появились. По норам провели учеты сурков, барсуков и лис. Барсуков, лис, карсаков еще считали и ночью.


В период практики провели описание прудов и степных угодий, дали оценки этим угодьям; сравнивали норы сурков, лис и барсуков, выясняли их отличия друг от друга; копали окопы для охоты на гуся, ловили рыбу, охотились. Ребята ошпыливали и смолили уток, освеживали зверя, девушки готовили, словом, жили охотничьей жизнью.

За несколько дней мы познали очень многое об экологии животных, особенностях биологии многих видов, о тонкостях будущей профессии. Наверное, здесь впервые почувствовали разницу между профессиями охотник и охотовед. Воочию осознали, что именно охотники и охотоведы должны быть главными защитниками нашей природы, и что именно благодаря разумному использованию животного мира, мы можем сохранить их и приумножить.

И напоследок хочется пожелать - почаще проводить такие выездные практические занятия.



*Сая Леонидова
студент факультета
Ветеринарии и
технологии животноводства*



Жалында, жастар!

Жалында, жастар, көк туын ұстап еліңнің,
Жолында қалмай арзан мен жұқа, жеңілдің.
Бойыңа жиып Абайдың бес асылын,
Көзіне елдің қыран боп көкте көрінгін.

Жалында, жастар, төрінде болып сенімнің,
Еліңе беріп жемісін адал теріңнің.
Түсірмей сызат тамыры терең тарихқа,
Үлгісін көрсет намысты қыз бен өр ұлдың.

Жалында, жастар, асқақтай бер, самғай бер,
Бабалардың сара жолын жалғай бер.
Болашағы, үміті бұл халқымның
Жаратушы жастарымды қолдай гөр.

Бойында тұнған жігер мен қайрат,
Шындыққа жақ боп, жалғанды жоймақ.
Басына елдің сын сағат туса,
Жанынан артық оларға байрақ.

Көп болсын деймін елдің ертеңі,
Ел кеме болса, олар желкені.
Жолында жолдас жақсылық болғай,
Жалында, жастар, өсіп өркенің.

Еліме арнау

Батасы нұрдан, шекпені жырдан,
Тарихы терең, өткені сырдан,
Өр елім менің, Отаным, елім,
Болайын сенің жолында құрбан.

Әдепті кіші, үлкені дана,
Ұлдары батыр, қыздары дара,
Қонаққа келген ең төрін берген,
Әлемде жалғыз біздің ел ғана.

Ел едің кеше елімайлаған,
Ентелеп жауың, сорың қайнаған.
Азат ел болдың күні сөнбейтін,
Көк аспанында қыран самғаған.

Егемендігің – бақытың, халқым,
Асыл мұраңыз-дәстүр мен салтың.
Ел қамын жеген патшамыз қандай,
Жасай бер, жаса, иесі тақтың!

Ыстықсың маған айбарлы елім,
Жерінде байлық, қойнаулы жерім.
Кеудемде жаным тірі тұрғанда,
Отан деп соғар жүрегім менің!

*Мадина Ғалымжан
Агрономия факультеті, 213-топ*

Ваши юбиляры

1. Абдрахманов С.К. - Заведующий кафедрой, докт.наук, 14.11.1966 г.
2. Нугуманов А.М. - Доцент, канд.наук, 25.11.1946 г.
3. Жусупова А.К. - Комендант корпуса, 06.11.1966 г.



Поздравляем вас с юбилеем! От всей души желаем вам крепкого здоровья, творческого долголетия, счастья, добра и благополучия, новых добрых дел и интересных плодотворных идей!

С. Сейфуллин атындағы ҚАЗАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының директоры - Б. Иманғалиев,
шығарушы редакторы - Ж. Естекбаева, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,
редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.